

Өзіңізді және өз аймағыңызды дамытудың жаңа мүмкіндігі

Еліміздің әр өңірінде өзін мемлекеттік қызметте де, басқа да салаларда табысты іске асыратын белсенді және талантты жастар жеткілікті. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде алғаш рет «Өңірлік кадрлық резервке іріктеу» жобасы іске асырылатын болады, ол білімді жастарға болашақта белгілі бір салада өз идеяларын жүзеге асыруға көмектеседі.

Ел Президенті Қ. Ж. Қ. Тоқаев атап өткендей: «Бізге жауапкершілікті алудан және стандартты емес және тиімді шешімдер қабылдаудан қорықпайтын түрлі салалардағы жаңа формациядағы басқарушылар командасы қажет. Дәл осындай адамдар бүгінде біздің елімізге қажет нәтиже бере алады!».

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 15 маусымдағы №255 Жарлығымен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың «Өңірлік кадр резервін» қалыптастыру және тағайындау қағидаларын іске асыру үшін әзірленген облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың «Өңірлік кадр резервіне» іріктеу тәртібі бекітілді.

Жобаның басты мақсаты еліміздің әр өңірінде «Өңірлерді дамыту мәселелеріне» тарту үшін талантты жастар арасынан жас басқарушылар, жаңа ойлау көшбасшыларының пулдарын қалыптастыру болып табылады.

Елдің әрбір өңірінде резервшілер саны мен нақты салалық бағыттарды әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, «Өңірдің кадр комиссиясы» айқындайды. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан облысының аумағында «Өңірдің кадр комиссиясы» өңірлік резервіне келесі бес салалық бағыттары бойынша: Индустрия және өнеркәсіп, экономика және қаржы, әлеуметтік сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым, агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастарынан 10 үміткер қабылданады.

Іріктеуге 35 жастан аспаған, жоғары білімі және үш жылдан кем емес еңбек өтілі бар (құжаттарды тапсыру сәтінде) Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Өтінімдерді қабылдау ағымдағы жылдың 1-31 наурызы аралығында onir.pkrezerv.gov.kz сайтында жүргізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының «Өңірлік кадр резервіне» іріктеу бес кезеңнен тұрады: Құжаттарды қабылдау, заңнаманы білуге және жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу, құзыреттерді бағалау, осы резервке кандидаттарды «Өңірлік резервке қабылдау» туралы шешім шығару үшін комиссиядағы құрылымдық сұхбат отырысы.

Іріктеудің аталған кезеңдері үміткерлерде белсенді өмірлік ұстаным, жетілдіру мен дамуға ұмтылу, оқыту кезінде алған білімдерін практикада қолдану, жағдайды болжай білу, жұмысты жоспарлау, жеделдік, жұмысқа шығармашылық көзқарас, дербестік пен тәуекелге дайындық, ұжымда жұмыс істей білу, ұйымдастырушылық қабілет, өз ісін дәлелдей білу сияқты қарым-қатынас икемділігі және көшбасшылық бейімділік қасиеттерді анықтауға көмектеседі.

Іріктеуге қатысу үшін мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсыну қажет: Қазақстан Республикасының жеке куәлігі немесе паспорты, бекітілген нысан бойынша өтініш, білімі туралы құжаттар және оларға қосымшалар, еңбек қызметін растайтын құжат, соңғы жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған бекітілген нысан бойынша кандидаттың топтырылған қызметтік тізімі және түрлі-түсті фотосуреті.

Жобаға қатысуға ниет білдірген азаматтар құжаттарды ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне (бұдан әрі-Департамент) ШҚО, Өскемен қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 4, 305, 312 кабинет мекенжайы бойынша қолма-қол қағаз жеткізгіш не электрондық пошта мекенжайына shqo@onir.pkrezerv.gov.kz электрондық түрде ұсына алады.

Кандидаттарды іріктеудің келесі кезеңдеріне жіберу туралы шешім департаменттің интернет-ресурсында, кандидаттардың жеке кабинеттерінде, сондай-ақ онлайн-платформада келесі кезеңге жіберу туралы шешім қабылданған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде жарияланатын болады.

Бес кезеңнен өткеннен кейін Шығыс Қазақстан облысының Өңірлік резервіне қабылданған адамдардың тізімі Департаменттің интернет-ресурсында, сондай-ақ комиссия шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде онлайн-платформада жарияланатын болады.

Резервшілердің Шығыс Қазақстан облысының Өңірлік кадр резервінде болу мерзімі 2 жылды құрайды.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кадрлармен жұмыстың ажырамас бөлігі, мемлекеттік басқару сапасын арттырудың нақты нысаны кадр резервін қалыптастыру және тиімді пайдалану болып табылады. Облыстың Өңірлік резервіне қабылданған кандидаттар сайланатын лауазымдарды қоспағанда, өңірдің жергілікті атқарушы органдарында «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады.

Өз кезегінде, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті өңіріміздің барлық білімді, еңбекқор, талантты және креативті азаматтарын осы жобаға белсенді қатысуға және жергілікті жерлерде өзгерістер жүргізуші болуға шақырады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы М.Т. Шолпанбаева

Қоғамдық тыңдау

«ШҚО білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі» КММ «Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Т.Рысқұлов атындағы орта мектеп» КММ ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің материалдары бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

11 наурыздан 15 наурызға дейін 2024ж бірыңғай экологиялық порталдың www.ecoport.kz сайтына жария талқылаулар өткізіліп, ескертулер мен ұсыныстар қабылданады. Жобалық құжаттамен танысуға, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады.

Жобаға тапсырыс беруші – «ШҚО білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі» КММ, БСН: 001040002672, Қазақстан Республикасы, ШҚО, Тарбағатай ауданы Тұғыл ауылы, тел: 87234422344. mail: tarb_t.ruskulov@mail.ru

Жобаны әзірлеуші - «Семстройпроект» ЖИИ ЖШС (ГС №001372 лицензиясы берілген күні 26.09.2000ж), Абай облысы, Семей қаласы, Шугаев көш, 4 үй, e-mail: semeuproekt@mail.ru тел: 8(747) 142-98-93.

КГУ «Средняя школа имени Т. Рыскулова» отдела образования по Тарбағатайскому району управления образования ВКО» объявляет о проведении общественных слушаний форме публичных обсуждений по материалу РООС к рабочему проекту: «Капитальный ремонт здания КГУ «Средняя школа имени Т. Рыскулова» отдела образования по Тарбағатайскому району управления образования ВКО, по адресу: ВКО, Тарбағатайский район, Тугылский поселковый округ, пос. Тугыл».

Публичные обсуждения состоятся с 11.03.2024г. по 15.03.2024г. на сайте Единый Экологический портал www.ecoport.kz. Все замечания и предложения принимаются в эти дни на Единый Экологический портале. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор- КГУ «Средняя школа имени Т. Рыскулова» отдела образования по Тарбағатайскому району управления образования ВКО», БИН: 001040002672, ВКО, Тарбағатайский район, с. Тугыл, тел: 87234422344. mail: tarb_t.ruskulov@mail.ru

Разработчик проектной документации-ТОО ПИИ «Семстройпроект», (лицензия ГС № 001372 от 26.09.2000г) Республика Казахстан, область Абай г.Семей ул.Шугаева,4. e-mail: semeuproekt@mail.ru, тел: 8(747) 142-98-93.

Қазақстанда мамандандырылған ХҚКО-ға кезекті брондаудың жаңа әдісі танымалдыққа ие болуда

Мамандандырылған ХҚКО-да емтихан тапсыру үшін кезекке тұруға «ХҚКО» қосымшасы арқылы 8 мыңнан астам өтініш түскен. Енді азаматтарға алғаш рет жүргізуші куәлігін алу үшін орталыққа хабарласудың қажеті жоқ. Олар мұны қосымшаның «Бейне қызметі» батырмасы арқылы онлайн жасай алады. Бұл қызметтің арқасында азаматтар уақытын айтарлықтай үнемдей алады. Мәселен, бұған дейін теорияны тапсыру үшін көрсетілетін қызметті алушы мамандандырылған ХҚКО-ға келіп, талон алып, кезекте тұруы, оператордан өтініш беріп, содан кейін ғана емтихан сыныбына өтуі қажет болды. Енді бұл кезеңдерден өтудің қажеті жоқ. Клиент алдын ала брондалған уақытта теориялық емтиханға тікелей келе алады. Ал теорияны сәтті тапсырғаннан кейін «ХҚКО» қосымшасы арқылы тәжірибелік емтиханға кезекке жазылады.

Бейне қоңырау арқылы кезекке тапсырыс беріп қана қоймай, жүргізуші куәлігін алу үшін құжаттардың сканерленген көшірмелерін де бере алады. Оның ішінде медициналық анықтама, қызмет алушының фотосуреті, қойылған қолының үлгісі, автомектепті аяқтаған болса, оқығаны туралы анықтамалар, мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек бар. Барлық құжаттар диалогтық терезеде тіркелуі керек. Ал қосымшаны Google Play және App Store-дан жүктеп алуға болады. Бүгінге дейін оны 350 мыңға жуық қолданушы орнатып үлгерген.

"ААУ"МК" КЕ АҚ ШҚО бойынша филиалының ХҚК бойынша Тарбағатай ауданының бөлімі

Енді алақанмен ақша төлеуге болды

Отандық IT-мамандар ойлап тапқан құрылғы алақанның көмегімен төлем жасауға көмектеседі. Яғни банк карталары мен қолма-қол ақшаны алақан алмастырады.

Төлем жасау үшін сканерге алақанды жақындату жеткілікті. Онда картаңызды тіркеген бойда «бірегей алақан таңбаңызбен» байланыстырылады. Мамандар бұны әлі жоба күйінде тұрғанын айтты. Жаңа технология болашақта сауда дүкендерінде іске қосылуы мүмкін. Берік Нұрымбетов, жоба авторы:

- Төлем ғана емес, болашақта үйдің кіреберістеріне алақанды көрсетіп кіруге болады. Сайтқа логин, пароль термей, осы алақан арқылы да кіруге болады. Алақанның ішіндегі тамырлар ешқашан өзгермейді. Біз соны инфрақзыл диапазон ретінде көріп, соны биометрия ретінде келтіріп отырмыз. Стартта жоба еліміздегі бірқатар жоғары оқу орыны мен офистерге кіру үшін де пайдаланыла бастаған. Елордада өткен халықаралық білім беру саласындағы үздік технологиялар тоғысқан жиында отандық IT-мамандардың стартап жобалары ерекше бағаланыпты. Себебі білім беру бағытын цифрландыруға арналған заманауи әдістердің кейбірі қолданысқа енді дәлелденген. Тіпті сарапшылар болашақта роботтар жұмысына тәуелді болуымыз мүмкін деп отыр. Мөрлен Сихаев, ұлттық холдинг төрағасының орынбасары:

- Менің ойымша, болашақта көптеген саланы роботтар басқаратын болады. Тек қана креативті экономика саласында адам өз орнын нақты ұстап қала алады. Өйткені креатив ол енді роботтарға өзің қандай жүйені енгізсең, сол жүйені қабылдайды. Роботтардан озу үшін біз өз-өзімізді дамытып отыруымыз керек болады. Құлтемірлер адамды алмастыра алмайды. Тек жасанды интеллект арқылы түрлі сала жеңілдей түсуі мүмкін.

Желіден ақпарат

АУЫЛДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ



Еркек қой

Бір жылдың тумалары өсіп қатарға қосылып, өз қолымыз өзімізге жетіп, жан ұяларымызбен араласа бастадық. Өскемен-Ақжар автобусының жүрегіушісі Болат тұңғыш ұлын ертіп Қабылқаттың үйіне қонаққа келеді. Қала тұрғындарының іздегені ет емес пе? Қабақ қонақтың баласына 1 қой атайды, Болаттың өз есебі ішінде әдеуі алмай кетіп, жылдар өтіп өсімін даулап малына келеді. Сонда Қабең еш шімірікпестен «Ей ит, ұрғашы емес, еркек қой бердім емеспе - депті» Осы өңгімедегі бәріміздің жылымыз ит еді

Уәде

Марқұм Билялов Кеңесбек Жетаралда көп жыл совхоз директоры болған, ауданан шыққан алғашқы ғалым еді. Қамыстыда шаруаға мықты елге сыйлы Қарқынбай Атарқан деген жерде тоқты бағады, шешесі Жәміш қолында. Сабақты өте жақсы оқыған, еселке жүйрік болғанымен амал не, қу жоқшылықтан 7-і сыныптан ары бара алмады. Шаруасына риза болған директор, «Әй, ұл, үйленсеңші бұл не жүрісі! - деп қалжың-шыны аралас ақыл айтады. Сонда Кәкен «Жолдас директір, Хасенов қой бағып жүр екен деп қыз өзі келмейді ғой, машинаңызды беріңіз», - дейді. Ертеңінде директордың Газ-69 автомашинасы жетіп келген екен...

Жауап

Покровка кеңшары директоры Хасен аға демалыс күні Меңдешке граж басшысы Алтынбекті шақырып келуді тапсырады. Сонда Меңдеш былай деп жауап беріпті: Төре отыр Ахат молда, Сәл төмен моншашы Рахметолда.

Одан кейін Кәріштің Өкені, Ортада Қабылжанның Төкені. Ойнап жатыр 6 карта, Бәрі жиналған топ екен, Сіз сұраған Алтынбек, Ол арада жоқ екен – депті. Меңдештің еңбек азаматтары Қианат пен Адалбеке арнап «Қылышбаев, Ботаев, хорошо работает» деген ұйқасы ел арасында бүгінге күнге дейін мәтелге айналып кетті.

Аттың үстінде тұрдым.

Шындық па, әлде жұрттың қалжыңы ма, ел арасында колхоз бастығы Қапшекең бойы екі метрге таяу тракторист Шағырды шалапақпен тартып жіберіпті -деген әңгіме желдей есіп кетті. Оқиға бұрынғы Крупская атындағы колхоз, қазіргі Қабанбайда болыпты. Қапанның бойы ортадан төмен, оған жұрт иланып, енді біреуі сенбепті. Реті келіп ағамыздың кеңсеге бір көңілді отырған сәтінде жиені Төкен аға Шағырдың бетіне қолыңыз қалай жетті - дегенде, үй мен аттың үстінде тұрдым емеспе - депті.

Боран-Өскеменнің іргесі екен

Бір жылдың төлі, әріптесім Көкенай Бидашев мамандығы инженер Марқаның беделді азаматтарының бірі еді. Көкенай Марқаның шалғай шеті «Қарой кеншарында ұзақ жыл директор болып Боранға ауысқанда жердің Өскеменнен шалғайлығы әбден мезі қылған

Ол: «Боран дегеніміз Өскеменнің іргесі екен»-деп риза болыпты.

Жинақтаған: Б. Нұғыманов

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің «Айгөлек» шағын орталығының тәрбиешісі Сембаева Гүлнұрға алайы **Сембаева Фаризаның** өмірден өтуіне байланысты Ы.Алтынсарин атындағы мектеп ұжымы марқұмның отбасына, туған-туыстарына көңіл айтады

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің кіші қамту қызметкері Оразбеков Нұрбекке анасы **Оразбекова Тәйшәт** апаның өмірден өтуіне байланысты Ы.Алтынсарин атындағы мектеп ұжымы марқұмның отбасына қайғырып көңіл айтады

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Мұратова Құралайдың әкесі **Қанашұлы Мұраттың** өмірден өтуіне байланысты мектеп ұжымы марқұмның отбасына, балаларына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады